

Келісілді: *А.А.Ахметкалиева*
ЖК «Улжан Айдаровна»
«Мадагаскар» жеке балабақша
әдіскері: А.А.Ахметкалиева



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған «Балдырған» мектепалды тобының
перспективалық жоспары**

**Топ тәрбиешілері: Қуатова Ж.М.
Нажмеден А.А.**

Түсінік хат

2023–2024 оқу жылында «Балдырған» мектепалды тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы)

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

Қыркүйек айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру: сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру; тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеру, заттарды аттап өтіп жүру; түрлі қарқында, нұсқаушының белгісімен тоқтап жүру Жүгіру: шашырап жүгіру; жұптасып, бір қатармен жүгіру. Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м) секіру. Лақтыру, қағып алу: қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу (4-5 рет). Еңбектеу: биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей, бүйірімен еңбектеу; гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: заттардан аттап жүру; шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен жүру. Спорттық жаттығу: тура жолмен самокат тебу; шеңбер бойымен самокат тебу. Спорттық ойын элементі: баскетбол ойыны: кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру; футбол ойыны: берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату. Күтілетін нәтижелер: сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүреді; қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіреді.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен жетілдіру Байланыстырып сөйлеу: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру Күтілетін нәтижелер. Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады; Құрдастарымен өз бетінше қарым- қатынас жасай алады, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды
Көркем әдебиет	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма

	кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Күтілетін нәтижелер. Шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды Себеп салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: меңгертілген жаңа сөздік құрылымдарды коммуникативті қатынас жасау үшін анық, дәл айтуға үйрету; Байланыстырып сөйлеу: балаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу; диалогтік сөйлеу тілін дамытуға негіз болатын түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану; Күтілетін нәтиже қазақ тіліне тән дыбыстарынды ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді; заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші) заттардың күйін (таза, кір) атауларын атайды.
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру Күтілетін нәтижелер. Сөздің мағынасын түсінеді; қаламды дұрыс ұстай алады
Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу. Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндері туралы білімді бекіту. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, қалыптастыруға баулу. Нүктелерді салуға үйрету. Күтілетін нәтижелер. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрады. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі. заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтайды; апта күндерін, ретімен атайды.

Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау . Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. Еңбекке баулу. Өртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс- әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту. Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Қарапайым экологиялық ұғымдарды үйрету. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы білу. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу.Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау. Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу. Күтілетін нәтижелер. Өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді. Заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады; Арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы біледі. Өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай біледі; еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылады; сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады; айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға
-----------------------------------	---

	қолдау көрсетуге, көмек беруге тырысады; жол қозғалысының қарапайым ережелерін біледі; тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді. туған өлкенің ағаштарын, бұталарын, гүлдерін, шөпті өсімдіктерін таниды және ажыратады; Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін ажыратады және атайды; өз өмірінің қауіпсіздігін түсінеді және сақтайды; қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін сақтайды.
Сурет салу	-Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, -сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктікқатынастарды жеткізе білу. Күтілетін нәтиже: заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді;сюжеттік суреттерді салады;
Мүсіндеу	-Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. -Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқылшүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Күтілетін нәтиже: сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі;жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды;
Жапсыру	-Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер,шаршылардан үшбұрыштыпішіндер, -шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Күтілетін нәтиже: қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды.
Құрастыру	-Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: -ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу. Күтілетін нәтиже: ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастырады;
Музыка	Музыка тындау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету . Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Күтілетін нәтиже: музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады;

Қазан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру: қозғалыс бағытын өзгерту арқылы жүру; заттар арасымен, адымдап алға қарай жүру. Жүгіру: бір қатармен, заттарды аттап жүгіру; бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелендеп жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру. Секіру: оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м) секіру; орнынан биіктікке, арқаннан аттап секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату; допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып қос қолмен қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу: көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу; доға астымен еңбектеу (биіктігі 50 см). Тепе-теңдік сақтау: орындық үстімен текшелерден аттап жүру; қосалқы қадаммен арқан бойымен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге) жүру. Спорттық жаттығу: самокат тебу: оңға және солға бұрылу; тура жолмен тебу. Спорттық ойын элементі: баскетбол ойыны: допты оң және сол қолмен алып жүру; футбол ойыны: доппен затты айналдыра жүру. Күтілетін нәтижелер: қозғалыс бағытын өзгерту арқылы жүру; заттар арасымен, адымдап алға қарай жүреді; бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді; сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді; оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м) секіреді; допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатады; орындық үстімен текшелерден аттап жүру; қосалқы қадаммен арқан бойымен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге) жүреді; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; самокат тебу: оңға және солға бұрылу; тура жолмен тебуді меңгерген.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тілідегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу: Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға үйрету Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару Күтілетін нәтиже: сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды; әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді; ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады

Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту Күтілетін нәтиже Өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқиды Мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталаып айтады
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. күнделікті өмірде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету; дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Сөздік қор: ауызекі тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; Тілдің грамматикалық құрылымы: жуан және жіңішке түбір сөздерді анықтай біліп, оларды көпше түрінде қолдануға үйрету; Байланыстырып сөйлеу: шағын тапқақтар мен өлеңдерді жаттау дағдыларын қалыптастыру ; әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, сурет бойынша заттар мен ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже:ересектердің көмегімен шағын тапқақтар мен өлеңдерді жатқа айтады, мазмұнына өзінің көзқарасын жеткізе алады;
Сауат ашу негіздері	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін анықтайды. Жазу парағында бағдарлай білу Күтілетін нәтиже Сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстардың ретін, жазу парағында бағдарлай біледі
Математика негіздері	Жиын. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру. Шама. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау. заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға ойлау мәдениетін, қалыптастыруға баулу. Өрнектерді салуға үйрету. Күтілетін нәтиже Жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады; Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды;
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Көлік, байланыс құралдары. Ұялы телефон, қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.

	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Жол қозғалысы ережелері. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Табиғатпен таныстыру. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Өсімдіктер әлемі. «Орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Жануарлар әлемі. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін білу. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; Үйде міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау бейтаныс адамдармен ойнамау. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Күтілетін нәтиже Өз күші мен мүмкіндіктеріне сенеді; заттардың қандай материалдардан жасалғанын сапалары мен қасиеттерін сипаттайды; ата-анасының, жақындарының мамандықтары туралы әңгімелейді, Ата ана еңбегін бағалайды. Ересектердің еңбегін құрметтейді және бағалайды; Ұялы телефонды қолданылуын біледі; жол қозғалысының қарапайым ережелерін біледі; Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратады; төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп- баптайды. Үйдегі міндеттерін біледі. Адамның табиғаттың бір бөлігі екен дегенді біледі;
Сурет салу	-Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, -Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), -Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Күтілетін нәтиже: парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады; тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді;

Мүсіндеу	-Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді қалыптастыру. -Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адаммен жануардың пішіндерін мүсіндеу. Күтілетін нәтиже: шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді; қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді;
Жапсыру	-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қалыптастыру. -Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Күтілетін нәтиже: таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды.
Құрастыру	-Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. -Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Күтілетін нәтиже: құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады;
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Ән айту: Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Марш сипатын анық ырғақты жүру, әуенді сезіну. Билер: би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Күтілетін нәтиже: қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш);

Қараша айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру. Жүгіру: кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру. Секіру: бір орында тұрып биіктікке секіру; бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр) Өрмелеу: гимнастикалық орындық бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу Лақтыру: 2-2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға асықты лақтыру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 метр) басынан асыра лақтыру Тепе-теңдік сақтау: әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық орындық бойымен жүру; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту. Спорттық жаттығу: самокат тебу: оңға және солға бұрылу; шеңбер бойымен самокат тебу. Спорттық ойын элементі: футбол: допты заттарды айналдыра жүргізу; баскетбол: кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Күтілетін нәтижелер: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүреді; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіреді; бір орында тұрып биіктікке секіреді; гимнастикалық қабырғамен өрмелейді және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелейді; 2-2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға асықты лақтыруды меңгерген; кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтырады. футбол: допты заттарды айналдыра жүргізе алады:

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-к дыбыстарды дұрыс, анықайтуды үйрету. Сөздік қор. Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Байланыстырып сөйлеу: Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Бақылаулар бойынша сипаттау. Күтілетін нәтиже: Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады; бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады;
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Күтілетін нәтиже: Кітаптарға қызығушылық танытады Кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту; дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ата, әже, әке, ана), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың тағам атауларымен (ботқа, су, сүт және т.б.) Сөздік қор: заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту; Байланыстырып сөйлеу: мазмұндылығын ескере отырып, балалардың диалогтік сөйлеуін дамытуға ықпал ететін тілдік ортаны құру. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс байланыстыра алады; күнделікті өмірде қолданады және оларды дұрыс айта алады; қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс байланыстыра алады;
Сауат ашу негіздері	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады; Дауысты дыбыстардың белгілерін ажыратады
Математика негіздері	Жиын. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату. Сан және санау. 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. Шама. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.

	Геометриялық фигуралар. Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа. Уақытты бағдарлау: Айлар туралы түсініктерді қалыптастыру. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға Таным процесін ерікті реттеуге үйрету. Тік және көлбеу таяқшаларды, сызуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Айларды ретімен атайды; Заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі. Пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды; Тік және көлбеу сызықтарды сыза алады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау. Көлік, байланыс құралдары. Смартфонфонды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу. Еңбек ардагерлерін, карттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Жол қозғалысы ережелері. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа- райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Жануарлар әлемі. Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Қарапайым экологиялық ұғымдарды: Табиғатты қорғау керек екенін білу. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау, бөтен машиналарға отырмау. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Күтілетін нәтиже:

	Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді, өз күші мен мүмкіндіктеріне сенеді; Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды. Смартфонды қолданылуын біледі. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды. Ересектердің еңбегін құрметтейді; Мемлекеттік рәміздерді біледі; Қазақстан Республикасының Президентін біледі, оны мақтан тұтады; жол қозғалысының қарапайым ережелерін біледі; Өсімдіктерді бақылап, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратады; жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға қамқорлық жасайды. Табиғатты қорғау керек екенін біледі. Қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытады;
Сурет салу	-Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйенеотырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. -Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. -Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Күтілетін нәтиже; түстерді өз қалауы бойынша таңдайды; бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі; өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады; сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады.
Мүсіндеу	-Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. -Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. Күтілетін нәтиже; мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады, шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді; біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады.
Жапсыру	-Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) -Тәсілдерді (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін) қолдану. Күтілетін нәтиже; қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды; таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды;
Құрастыру	-Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. -Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. -Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Күтілетін нәтиже; өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады;
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту: Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру. Билер: Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық дауылпаз аспабында ойнау тәсілдерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі,

Желтоқсан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру: нұсқаушының белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру. Жүгіру: бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Секіру: алға айналдыра отырып, қысқа секіргіштен секіру; оң және сол аяқты алмастыра отырып, сызықтан секіру. Еңбектеу, өрмелеу: заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық орындық бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Лақтыру, қағып алу; домалату: допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу; допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4-5 метр). Тепе-теңдік сақтау: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; гимнастикалық орындық үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Спорттық жаттығу: бір-бірін шанамен сырғанату. Спорттық ойын элементі: хоккей: берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу. Күтілетін нәтижелер: нұсқаушының белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп жүреді; бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіреді; алға айналдыра отырып, қысқа секіргіштен секіру; оң және сол аяқты алмастыра отырып, сызықтан секіреді; заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектейді; допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алады; берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізуді меңгерген.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді таңдай білуді дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Етістіктерді жалғаулармен қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Суреттер бойынша сипаттау Күтілетін нәтиже: Көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады; зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады; әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды;

Көркем әдебиет	Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Күтілетін нәтиже: Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: - мәдениет нышандарын қалыптастыру (амандасу, сәлемдесу) Сөздік қор: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; - ойын арқылы сөздік қорды молайту; - сөздік қорды монолог, диалог арқылы нығайту; Тілдің грамматикалық құрылымы: тірек сызбалар бойынша сөйлемдер құрастыра білу Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету; Күтілетін нәтиже: күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздер мен кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, апта күндерінің, айлардың, жыл мезгілдерінің аттарын айтады және түсінеді;
Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Күтілетін нәтиже: Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды дауыссыз дыбыстардың белгілерін ажыратады
Математика негіздері	Жиын. Жиынның бөліктен үлкен екенін, екенін түсіндіру. Сан және санау. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Геометриялық фигуралар: Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. оң жақтан сол жаққа түсініктерін бекіту. Уақытты бағдарлау : Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға шыдамдылыққа баулу. Қисық сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Күтілетін нәтиже: «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді. Әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы)
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын талдау.

	Көлік, байланыс құралдары. Компьютерді қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну. оларға белсенді қатысу. Жол қозғалысы ережелері. «Балалар», «Трамвай аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру. Табиғатпен таныстыру. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Жануарлар әлемі. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады) . Қарапайым экологиялық ұғымдарды, Табиғатты сақтау керек екенін үйрету. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы: Ненің «дұрыс» екенін үйрету. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау, бейтаныс адамдардың тініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Күтілетін нәтиже: Туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі; заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады; шамасы келетін тапсырмаларды өз бетінше орындайды.ересектердің еңбегін құрметтейді; Компьютердің қолданылуын біледі Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсінеді, оларға белсенділікпен қатысады. өсімдіктерге күтім жасау әдістерін біледі. Таныс материалдармен өз бетінше эксперимент жасай алады; Ненің «дұрыс» түсінеді және ажыратады. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін біледі.Табиғатты сақтау, керек екенінбіледі.
Сурет салу	-Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу),қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. -Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару(гуашпен сурет салу кезінде) -Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша суретсалу. Ұжымдық

	жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі; жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды 84 араластыру арқылы шығарады; қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі; ұжымдық жұмыстарды орындайды, ойдан сурет салады;
Мүсіндеу	-Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). -Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Күтілетін нәтиже: жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды; шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді;
Жапсыру	-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстырып, безендіру. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді;
Құрастыру	-Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, -оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын, киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын, ыдыстарын таниды, олардың қандай материалдан жасалғанын ажыратады;
Музыка	Музыка тындау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық асатаяқ сазсырнай аспаптарымен ойнау тәсілдерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен әнайтады;

Қаңтар айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру. Жүгіру: сапта бір-бірден жүгіру және шашырап жүгіру; жұппен, қатармен бір-бірден жүгіру. Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру; екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру. Еңбектеу: заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); кедергілер арасынан еңбектеу. Лақтыру, қағып алу: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; допты жоғары лақтырып екі қолымен қағып алу; допты бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу. Тепе-теңдік сақтау: заттардан аттап жүру; шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен жүру; шектелген жазықтықтың үстімен аяқтың ұшымен жүру. Спорттық жаттығу: бір-бірін шанамен сырғанату. Спорттық ойын элементі: хоккей: берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу. Күтілетін нәтижелер: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүреді; тізені жоғары көтеріп жүреді; сапта бір-бірден жүгіру және шашырап жүгіреді; жұппен, қатармен бір-бірден жүгіреді; бір орында тұрып, алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіреді; заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектейді; допты жоғары, жіптің үстінен лақтырады; бір-бірін шанамен сырғанатуды меңгерген.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді таңдай білуді дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Етістіктерді жалғаулармен қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Суреттер бойынша сипаттау Күтілетін нәтиже: Көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады; зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады; әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды;

Көркем әдебиет	Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Күтілетін нәтиже: Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: - ойын арқылы сөздік қорды молайту; - сөздік қорды монолог, диалог арқылы нығайту; - мемлекеттік тілде еркін сөйлеуге дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: - қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу); Байланыстырып сөйлеу: -бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; Күтілетін нәтиже: қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдайды, дұрыс айта біледі және ол сөздерді есте сақтайды. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айта алады.
Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Күтілетін нәтиже: Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды дауыссыз дыбыстардың белгілерін ажыратады
Математика негіздері	Жиын. Бөліктің жиыннан кіші екенін түсіндіру. Сан және санау: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру. Шама. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеуге үйрету. Геометриялық фигуралар. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Кеңістікті бағдарлау: жоғарыдан төменге түсініктерін бекіту. Уақытты бағдарлау : Айлар, жыл мезгілдерінің ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға ұқыптылыққа баулу. Қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Күтілетін нәтиже: құрастырады, үш төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды; заттардың ұзындығын, биіктігін, анықтайды; Жыл мезгілдері бойынша айларды етімен атайды
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын олардың сапаларын сипаттау. Көлік, байланыс құралдары. Ғаламторды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

	Еңбекке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Жол қозғалысы ережелері. «Автобус аялдамасы», жол белгілерімен таныстыру. Табиғатпен таныстыру. Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Өсімдіктер әлемі. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Жануарлар әлемі. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады) Қарапайым экологиялық ұғымдарды: Күн мен ауаның адам денсаулығына пайдасы туралы айту. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; «дұрыс емес» Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Күтілетін нәтиже: Қолынан келгенше көмектесуге тырысады; Заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады; Ғаламторды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Балабақша тобындағы міндеттерді біледі. Нанға ұқыпты қарайды, адамдардың еңбегін құрметтейді. Күн мен ауаның адам денсаулығына пайдасы туралы білу. Ненің «дұрыс емесекенін түсінеді және ажыратады.
Сурет салу	-Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелердіырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, -Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Күтілетін нәтиже: парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады;түстерді өз қалауы бойынша таңдайды,суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақоюларының элементтерін қолданады.
Мүсіндеу	-Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің,қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, -Композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Күтілетін нәтиже: біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырғаорналастырады, ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгерген.
Жапсыру	-Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, -Жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Күтілетін нәтиже: сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады;жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста 85 міндеттерді келісіп атқарады.

Құрастыру	-Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазықматериалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. -Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Күтілетін нәтиже: жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді; ойынға қажетті құрылыстыбірлесіп ойдан құрастырады, жұмысты бірге келісіп орындайды, дайын құрылыспен ойнайды;
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би)үйрету. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағыттажүгіруді және секіруді меңгеру. Билер: Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын түсіндіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Тұяқтас, қоңырау аспаптарымен ойнау тәсілдерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;

Ақпан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру:заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. Жүгіру:екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Секіру:оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіру; бір орында тұрып 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру. Өрмелеу:гимнастикалық орындық бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Лақтыру, қағып алу, домалату:допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу. Тепе-теңдік сақтау:гимнастикалық орындықтың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру. Спорттық жаттығу:шаңғы тебу: бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен шаңғымен алға жылжу; оң және сол аяқтарымен сырғанау; шанамен сырғанау: бір-бірін шанамен сырғанату; төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Спорттық ойын элементі:хоккей: берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу. Күтілетін нәтижелер: заттардан бір қырымен аттап жүреді; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүреді; екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіреді; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіреді; оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіреді; гимнастикалық орындық бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелейді;

	допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатады; допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алуды меңгерген.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң дыбыстарды дұрыс, анықайтуды үйрету. Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру Күтілетін нәтиже: Сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолданады және түсінеді
Көркем әдебиет	Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Күтілетін нәтиже: қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындайды;
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту; Сөздік қор: дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту; Тілдің грамматикалық құрылымы: суреттер бойынша шағын әңгіме құрауға дағдыландыру; етістіктерді дұрыс қолдана білуге, сөздерге көптік, септік, жіктік жалғауларын дұрыс жалғай білуді бекіту. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді, жай сөйлемдер құруды, 2-3 сөйлеммен жақын маңдағы заттарға, ойыншықтарға, жемістерге шағын сипаттама беруге үйрету; Күтілетін нәтиже: затын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолданады; қысқа әңгімелердің мазмұнын қайталайды;
Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Күтілетін нәтиже: Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды дауыссыз дыбыстардың белгілерін ажыратады
Математика негіздері	Жиын. жиынның бөліктерін санауды үйрету. Сан және санау: саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Шама: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

	Геометриялық фигуралар: Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту. Кеңістікті бағдарлау: жоғарыдан төменге түсініктерін қалыптастыру. Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең») түсіндіру. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Түрлі сызықтарды салады. Күтілетін нәтиже: Жиындарды бөліктерге бөледі, санайды. Заттардың ені мен жуандығын анықтайды, шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады. Пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды; түрлі сызықтарды салады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қасиеттерін сипаттау. Көлік, байланыс құралдары. Теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу. Табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Жол қозғалысы ережелері. «Метро аялдамасы», жол белгілерімен таныстыру. Табиғатпен таныстыру. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну Жануарлар әлемі. Жануарлар қоректенеді.(өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); Қарапайым экологиялық ұғымдарды: жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы үйрету. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; «жақсы» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Күтілетін нәтиже: Үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқорлық танытады. Теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтай алады. тірі объектілердің өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін түсінеді; Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді; Жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі; Ненің «жақсы» екенін түсінеді және ажыратады.
Сурет салу	-Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, -Бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. Күтілетін нәтиже: сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтайды; сурет салуда әртүрлі техниканы

	қолданады;
Мүсіндеу	-Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрудағдыларын жетілдіру. -Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Күтілетін нәтиже: ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрады;жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды;
Жапсыру	-Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, -Олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды құрастырады. Күтілетін нәтиже: сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді;
Құрастыру	-Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. -Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. Күтілетін нәтиже: қалдық және табиғи материалдан құрастырады, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасайды;
Музыка	Музыка тындау: Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қазақ халқының аспаптық сүйемелдеуіндегі би өнерімен таныстыру. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Билер: Би өнері халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән- күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: сыбызғы, домбыра аспаптарымен ойнау тәсілдерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды

Наурыз айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру: қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; нұсқушының белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру. Жүгіру: кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру. Секіру: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтың 40 сантиметр); алға айналдыра отырып қысқа секіргіштен секіру. Еңбектеу, өрмелеу: бірнеше заттардан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Лақтыру, қағып алу, домалату: 2-2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға асықты лақтыру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 метр) басынан асыра лақтыру. Тепе-теңдік сақтау: арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру; әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық орындық бойымен жүру. Спорттық жаттығу: тура жолмен өз бетінше самокат тебу; шеңбер бойымен самокат теуіп жүру. Спорттық ойын элементі: баскетбол: кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Күтілетін нәтижелер: қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүреді; нұсқушының белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүреді; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіреді; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіреді; алға айналдыра отырып қысқа секіргіштен секіреді; бірнеше заттардан еңбектеп өтеді; әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық орындық бойымен жүруді меңгерген.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Сөйлегенде бейнелі сөздерді қолдану. Күтілетін нәтиже: Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады; әңгімелерді бірізді айтып береді;

	Хабарлы сөйлемдерді қолданады
Көркем әдебиет	Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: Түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі;
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Кейбір өсімдіктердің атауларын, жануарларды және олардың төлдерінің атауларын толық меңгерту. Сөздік қор: сөйлемде көп мағыналы, синоним, антоним сөздерін қолдануға, белгілі бір затқа белгілерін таңдауға, затпен әрекет етуді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге жаттықтыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдер құрастыруға үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?); Байланыстырып сөйлеу: шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру. Күтілетін нәтиже: барлық әрекеттерді, заттар мен құбылыстарды, олардың белгілері мен қасиеттерін атайды; сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтайды; тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады; заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап береді;
Сауат ашу негіздері	Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: Түрлі сызықтарды салады.
Математика негіздері	Жиын: Элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. Сан және санау: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Геометриялық фигуралар.: Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу Шама. Беттестіру, тұстастыру ды үйрету. Кеңістікті бағдарлау: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Уақытты бағдарлау: оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Күтілетін нәтиже: Теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығарады; Заттарды салыстыруда беттестіру тәсілдерін қолданады;
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үй: үй шаруасына көмектесу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Үй-жайларда еркін бағдарлай білу. Еңбекке баулу. Кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, үйрету. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Жол қозғалысы ережелері.

	«Тройллубус аялдамасы», жол белгілерімен таныстыру. Жануарлар әлемі. Жануарларөседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң). Қарапайым экологиялық ұғымдарды: Табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды білу. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы: Ненің «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Күтілетін нәтиже: Үй жұмыстарына көмектеседі. Үй-жайларда еркін бағдарлай білу. Кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқарады. қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді; Ненің «жаман» екенін түсінеді және ажыратады.
Сурет салу	-Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. -Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Күтілетін нәтиже: қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі; ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салады; оюды өз бетінше ойдан салады; ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды; ою-өрнек элементтерін пішіндердің ортасында және шеттеріне салады;
Мүсіндеу	-Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу. -Оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;
Жапсыру	-Киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, -Аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру Күтілетін нәтиже: қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді;
Құрастыру	-Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, -Олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын, киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын, ыдыстарын таниды, олардың қандай материалдан жасалғанына ажыратады;
Музыка	Музыка тыңдау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен таныстыру.

	Ән айту: Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Мазмұнын қимылмен байланыстыра орындау қабілеттерін арттыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді толықтай меңгеру. «Қаражорға» биін билету, элементтерін игерту. Билер: би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба аспаптарымен ойнау тәсілдерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды; музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;
--	--

Сәуір айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру:кегельдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. Жүгіру:белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру; бірінен соң бірі және шашырап жүгіру. Секіру:алға айналдыра отырып қысқа секіргіштен секіру; оң және сол аяқты алмастыра отырып, сызықтан секіру. Еңбектеу:заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр). Лақтыру, қағып алу, домалату:допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу; допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4-5 метр). Тепе-теңдік сақтау:қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу; шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен жүру. Спорттық жаттығу:самокат тебу: оңға және солға бұрылу; шеңбер бойымен жүру. Спорттық ойын элементі:баскетбол: допты оң және сол қолмен алып жүру; футбол: берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Күтілетін нәтижелер: кегельдердің арасымен, жіптерден аттап жүреді; қосалқы қадаммен алға қарай жүреді; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіреді; бірінен соң бірі және шашырап жүгіреді; алға айналдыра отырып қысқа секіргіштен секіреді; оң және сол аяқты алмастыра отырып, сызықтан секіреді; допты екі қолымен заттардың арасымен жүргізеді; допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алады. самокат тебу: оңға және солға бұрылу; шеңбер бойымен жүруді меңгерген. футбол: берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебе алады.

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Эпиегтерді қолдану Күтілетін нәтиже: қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді; сұраулы сөйлемдерді қолданады;
Көркем әдебиет	Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Күтілетін нәтиже: Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдайды, дұрыс айта біледі және ол сөздерді есте сақтайды. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айта алады.
Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Күтілетін нәтиже: сөйлем сөздерден тұратынын біледі; берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады;

Математика негіздері	Жиын: «Бір» сөзініңмағынасы, ол тек бірзаттығанаемес екенін түсіндіру,сондай- ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Шама: Жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыруды үйрету. Геометриялық фигуралар: бүтін мен бөлікті салыстыру. Кеңістікті бағдарлау: Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, ағдарлауын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау . Балабақша ауласын бағдарлай білу. Еңбекке баулу. Жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Жол қозғалысы ережелері. «Жаяу жүргіншілер жолы» мен таныстыру. Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң) Қарапайым экологиялық ұғымдарды, Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Күтілетін нәтиже: Отбасы мүшелерін жақсы көреді. Балабақша ауласын бағдарлайды. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін біледі, оларды құрметтейді;Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастырады
Сурет салу	-Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, олардықұрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату,тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Күтілетін нәтиже: қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі,парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы,төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады; ою-өрнек элементтерін пішіндердің ортасында және шеттеріне салады; қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді;
Мүсіндеу	-Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, -Мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.Күтілетін нәтиже: шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді;

Жапсыру	-Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, -Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Күтілетін нәтиже: қайшы мен желімді дұрыс қолданады; еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды.
Құрастыру	-Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Күтілетін нәтиже: қалдық және табиғи материалдан құрастырады.
Музыка	Музыка тыңдау: Күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Ән айту: Фразалар арасында тыныс алуды дұрыс қолдана білу дағдыларын арттыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Билер: Музыканың ырғағына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; әр түрлі би қимылдарын орындауға ынталандыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды;

Мамыр айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. Жүгіру: екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіру. Секіру: тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен (аяқтың ұшымен қону) секіру. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту. Лақтыру, қағып алу, домалату: Тепе-теңдік сақтау: шектелген жазықтықтың үстімен аяқтың ұшымен жүру; арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. Спорттық жаттығу: самокат тебу: оңға және солға бұрылу; шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше тебу. Спорттық ойын элементі: футбол: допты заттарды айналдыра жүргізу; допты қақпаға тебу. Күтілетін нәтиже: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүреді; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүреді; екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіреді; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіреді; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіреді. тұрған орнында айналып секіреді; биіктіктен (аяқтың ұшымен қону) секіреді; гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелейді;

	шектелген жазықтықтың үстімен аяқтың ұшымен жүреді; арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен жүреді; футбол: допты заттарды айналдыра жүргізу; допты қақпаға тебеді.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор. Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу: Сын есімдер мен үстеулерді қолдану Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Салыстыруларды қолдану. Күтілетін нәтиже: лепті сөйлемдерді қолданады құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алады, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды; сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады;
Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: сөйлегенде мақал- мәтелдерді қолданады;
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Байланыстырып сөйлеу: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; оқиғаны эмоционалды қабылдайды; суреттер бойынша таныс шығармаларды атайды, олар бойынша сұрақтарға жауап береді;
Сауат ашу негіздері	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу Күтілетін нәтиже:

	қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды;
Математика негіздері	Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Шама. Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Геометриялық фигуралар. 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Кеңістікті бағдарлау: Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Күтілетін нәтиже: Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алады. Қағаз бетінде бағдарлай біледі
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі:алғысайту, сыпайысөйлеу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау . Жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Еңбекке баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. Жол қозғалысы ережелері. «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Жануарлар әлемі:Қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. Қарапайым экологиялық ұғымдарды,табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Күтілетін нәтиже: Алғыс айтады, сыпайы сөйлейді; Жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлайды; Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады; Өз Отанын жақсы көреді, Қазақстан әскері туралы түсінігі бар; Кеңес Одағының батырларын біледі, оларды құрметтейді;
Сурет салу	-Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді -Әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін,ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады; сюжеттік суреттерді салады. суретсалуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтайды;
Мүсіндеу	-Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. -Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау,қауіпсіздік ережелерін сақтау. Күтілетін нәтиже: ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгерген; мүсіндегензаттарымен түрлі ойындар ойнайды; жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды;

Жапсыру	-Балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, -Шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне,перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Күтілетін нәтиже: шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді;
Құрастыру	-Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, -Дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастырады, жұмысты бірге келісіпорындайды, дайын құрылыспен ойнайды;
Музыка	Музыка тыңдау: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін қалыптастырып бірдей қарқында ән салуға үйрету. Орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту дағдыларын игерту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: : Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Билер: Музыкалық шығармалардың ырғақтық би қимылдарын ажыратуға (вальс, марш, полька, ұлттық Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалардың шығармашылығын аспапта орындау арқылы дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Күтілетін нәтиже: музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.